

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ

Шакерова А.Қ., Омарова Н.Ж.

Білім алушылардың таным процестері мен
қасиеттерін анықтауға арналған
диагностикалық әдістемелер

оқу-әдістемелік құрал



Өскемен, 2021

ӘОЖ 159.9.01
КБЖ 89.101.3
ІІ 51

Шакерова А.Қ., Омарова Н.Ж. Білім алушылардың таным процестері мен қасиеттерін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер / оқу-әдістемелік құрал. Өскемен, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы, 2021 ж. – 17 б.

Пікір жазған: Турарова Г.У. С.Аманжолов атындағы ШҚУ, психология және коррекциялық педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Халықаралық психология ғылымдары академиясы

Білім алушылардың таным процестері мен қасиеттерін анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер колледж білім алушыларына және оқытушыларға арналады.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып мақұлданды (хаттама №5, 28.05 2022ж.)

«МЮНСТЕРБЕРГ» ӘДІСТЕМЕСІ



Гуго Мюнстерберг
(1863-1916)

неміс философы, психолог.

Бұл әдістеме зейіннің таңдамалылығын анықтауға бағытталған.

Нұсқау:

Көптеген әріптердің арасында тұтас сөздер бар. Сіздің міндетіңіз: тез оқып отырып, сол сөздердің астын сызуыңыз керек. Жұмыс уақыты-2 минут.

Мюнстерберг әдістемесінің үлгісі

*Вниагашишедышырианегоедарынжаотанымдплноқуогинәтижелдплджыло
лдмектепдолгылымоплдәлеуметлдоқушыолаплкөрушгдзейінждыжэхзпб
лашецзбілімгецскезеңолвцкміндетлдыжоблыспнцдамытузлжойындвицшар
екетопгпедагогжвициуақытжхушйкөхбасшыочпагюатақлдазжылуцлдхтә
жірибезхкндтдтұқымырицқұралдыуизпсезімдлаплпсыныпдмдвшвхтпсирнс*


Мюнстерберг әдістемесінің үлгісі

*Вниагашишедышырианемоедарынжаотанымдплноқуогинәтижелдплджыло
лдмектепдолгылымоплдәлеуметлдоқушыолаплкөрушгдзейінждыжэхзпб
алашецзбілімгецскезеңолвкміндетлдыжоблыспнцдамытузелжойындвицшә
рекетопгпедагогжвициуақытжхуареохбасшыолпагиуатақлдазжыуцлдхтә
жірибезхкндтдтұқымырицқұралдыуизпсезімдлаплпчвсыныпдмдвшвхтпсирн*

Пьерон-Рузер әдістемесі

Мақсаты: Зейіннің бөлінуі мен ауысуын анықтау

Ұқсасын тауып, сызу. Әр түрлі пішіндер салынған матрица ұсынылады. Матрицадан оқушы ұқсас пішіндерді тауып сызу қажет. Тапсырманы орындауға 3-5 минут уақыт беріледі.



. Зейіннің тұрақтылығын анықтау әдістемесі

Мақсаты: Бурдонның корректуралық кестесінің көмегімен зейіннің тұрақтылығын анықтау.

Материал: Бурдон кестелері.

Тәжірибе жүрісі: тәжірибенің мақсатымен таныстыра отырып, сыналушыларға алдын ала жасалған екі Бурдон (француз психологы) кестесі таратылады (пробалық және негізгі тәжірибе үшін).

Бурдон кестесі (пробалық тәжірибе үшін)

Г Х Б П К Ш З П Ю В Р Б Х П А Е Т Д Д Ж С Г Р В Х С Г И К В
 Р Г М А И Т К О Б Е М Ф О И Ю Ш Л З Ж В В П Е П А Ч Н В С
 Ю Р Х Б Я З Ш И О С В Ч Е Х Т Е С П М Н Н О Ж Х Ш Н А Е Ч
 Ж В Л Ю Ф О В П А К Ч М К Ч З Ш А Ж К Я Д Х И С В П Б Ю
 П В У Ю Ш А Т Х С Г М К Р А Т Ю Д Д Р Г Р Л В Р Г Г А М К Е
 З О У Б Х Ф П Л Ж Ш Я И С Ю Д Ю Х В Т У Ч П Я И Х Н Л У Т
 В Б К О Г З М Х Я Я Р Д А Ч Ю Ж С Ф Н П Д С Р К Г А О Ю Д Я

Одан кейін алда тұрған жұмысты хабарлайды: кестені мұқият қарай отырып, тік сызықпен А, М, К, З әріптерін сызыңыз. «Бастадық» деген

бұйрықта барлық сыналушылар жұмысқа кіріседі. «Болды»! деген сөзде оны аяқтайды. Пробалық тәжірибе бір минут жүргізіледі. Бұнда сондай-ак тік сызықпен

А, М, К, З әріптерін сызып шығу керек. Сондай-ақ сыналушыларға әрбір миуттан кейін «птичка қой»! деген бұйрық болатыны жайлы да ескеру керек. Бұл белгі бұйрық қай әріптің жанында айтылса, сол жерге қойылады.

Пробалықтан негізгі тәжірибенің айырмашылығы төрт минут беріледі. 2 және 4 минуттан кейін қосымша тітіркендіргіш енгізіледі. Мысалы метронмен 1 минутта 60-80 қоңырау соғылады.

Бурдон кестесі

А М К З

Ю Т Л Е Ф Г Ж И У П Щ С Р Д Е А Т Л Ъ З К И Н С Я В П М О З А Г Н Ъ П С
В И О М Ш С Я С Н Л Ч О Ж В М Ф Е Ю З У Х Д Р Т Г К Б И А Н Д К Х У Т Ц
Г З Ш Я Н Ъ Х Ю А В Ч Ю Ф Д П С З И Х П Ч Ж Г О Б Ш Ж С В У А Р Л М Т П
Б Д К О М В З С Ю Х Н Г Я Ж В С Ю И М П Е Т Р Ш У Х К П Л Ж И У Ч Ф Р Т
Е З Н Г А Р Х М Ф П У Ю Н К Я З Г Ш В Л П Т Е Б Р Ж Н Ч О К Б Р Ч М С
Д Л О У Ж А Г З Д В Ю Я И Ф М С Х У К Ш Л П Т Е Б Р Ж Н Ч О К Б Р Ч М С
З С Х И Г Х Л Я Ч З Д Е Ж О Ф О Н Ъ Г У Ш Т Ю К М А П И Б Р В Е Н П А К В
К Р А М О Ч Р П Д Х И Ю П Ж Ш Г В Ф С З Б О Я Ж Х Л Ю В Е Б Д К Т Ф С У
Л П Е З Б У Т Н В С О Ю М Ю П Ж Е Ш Ж Н В Р Т Х С К Л П А Х И Ш Д А Г Ц
М Т Р Г Ж М Ж У З Х Д Л П А Е К Б Р Н Ю И Ч Б Ф Я О Г Т Ш С А Д К О Ч Х
И Б Ф С Е Н С М Ф Ю О Н Я Х Л Р Е А У Д В Ж Т Г Ш В И К Б Л Н П В З Ф
А У Р Г О Л К Ю Х У Ш Ю М Н В П С Я С Х Е З Н П Ч О Ж Ф А Ж Н Т Б К Д В
И Р Ч З Е К М Н Х Т Ю Ж Ч Б Р В Г С Б Ж П И Ю У Д П Х А Е Н С Ш М Л З Д
Ж М П Д Ж У Ш С Е М П Т О Н Ю А В К Б И Ч Р Л Я У Д Ф З Г К О А Н Г Б
Н Л П Ъ З Я Ю Б О Ж Х М У Ф Д Т П А Ч Г З С К Е В Р Н Л И Ш И В Т Ф Х Ж
Г А Ж М П Г Т К П У Р О И Д Н В Ч У Л С Я Е Х Ф Б З А Ш Ж М Д К О С Ш К
Ч Н Л Х Б Н Я О Ч Ш Л Ф Х М С З А Е В П Г Т К И Д Ю Р Б У Ю Р Б У Ю Р И З У Я
М Д Т Ф Е К И Г Ю С Х В Я Г С Ж Д Ж Т Е А П Х Б Р В Ю П З Ш А К О Ш Я И
Д В А К Н Х Ю Р Х Л У Ж С В Н Ч П Е П В Ж З Л Ш Ю И С Ф М Е Г И Б М Р
Б Д К О М В З С Ю Х Н Г Я Ж В С Ю И М П Е Т Р Ш У Х К П Л Ж И Ч Ф Р К
И Р Ч З Е К М Н Х Т Ю Ж Ч Б Р В Г С Б Ж П И Ю У Д П Х А Е Н С Ш Т М Л Ч
Г З Ш Я Н Ъ Х Ю А В Ч Ю Ф Д П С З И Х П Ч Ж Г О Б Ш З С В У А Р Л М Т Ш
Л П Е З Б У Т Н В С О Ю М Ю П Ж Е Ш Ж И В Р Т Х С К Л П А Х И Ш Д А Г

«Шыбын» жаттығуы

Мақсаты: Зейінді тұрақтандыруға бағыттау

Тақтаға тігінен он клеткадан және көлденең он клеткадан тұратын төрт бұрыш сызылады, оның кез келген жеріне нүкте салынады, Осы нүктені «шыбын» деп атаймыз. Содан соң жүргізуші шыбын бір клетка жоғары, бір клетка оңға, үш клетка солға, екі клетка төмен дегендей нұсқау береді, шыбын қонды деген кезде оқушылар «шыбын» қайда қонып тұрғаны туралы айтып нүктені сол жерге ауыстырады, дұрыс тапқан оқушы жүргізушінің орнын ауыстырып өзі «шыбынның» ұшу жолын айтады, қалған оқушылар оны табу керек.

1	2	3
4	5	6
7	8	9

Тест: "Сіз эмоцияға жиі берілесіз бе?"

Қаншалықты эмоцияға берілгіш адам екеніңді анықтауға көмектесетін тест:

1. Ашуланған кезде төбелесуге дейін баратын сәттеріңіз бола ма?

А) Өте жиі болып тұрады – 3 ұпай

Ә) Жоқ – 1 ұпай

Б) Кейде – 2 ұпай

2. Деректі фильмдер мен телехикаяларды көрген кезде немесе лирикалық өлең оқып жатқан сәтте көзіңізге жас аласыз ба?

А) Жоқ – 1 ұпай

Ә) Кейде жылаймын – 2 ұпай

Б) Үнемі жылаймын – 3 ұпай

3. Көңіл –күйіңіздің еш себепсіз жиі өзгеріп тұратынын байқайсыз ба?

А) Ия – 3 ұпай

Ә) Өте жиі – 2 ұпай

Б) Жоқ – 1 ұпай

4. Өзге түгіл өзіңізді тыныштандыра алмайтындай ашуланатын кездеріңіз бола ма?

А) Жоқ, барлық іс-әрекеттерімді бақылай аламын – 1 ұпай

Ә) Қатты ашулансам да, өзімді ұстай білемін – 2 ұпай

Б) Ия, ондай жағдайлар жиі болмаса да, кейде болып тұрады – 3 ұпай

5. Өзіңізді сабырлы адамдардың қатарына жатқызасыз ба?

А) Жоқ – 3 ұпай

Ә) Ия – 1 ұпай

Б) Бұл сұраққа нақты жауабым жоқ – 2 ұпай

6. Біреумен сөз таластырған кезде жиі жеңіліп қаласыз ба?

А) Әр кезде әр түрлі – 2 ұпай

Ә) Ия – 3 ұпай

Б) Жоқ, ешқашан. Мен ең дөрекі деген адамның өзін орнына қоя аламын – 1 ұпай

7. Біреумен ұрсысып жатқан кезде, төбелесіп немесе қолыңыздағы затты лақтырып жіберген кезіңіз болды ма?

А) Жоқ – 3 ұпай

Ә) Ия – 1 ұпай

Б) Білмеймін, есімде жоқ – 2 ұпай

8. Шешімді қандай сезімде болған кезде қабылдайсыз?

А) Миым сергек кезде – 1 ұпай

Ә) Эмоцияға беріліп тұрған кезде – 3 ұпай

Б) Барлығы сол «сәтке» байланысты – 2 ұпай

9. Еш себепсіз күліп немесе жылап алатын кездеріңіз бола ма?

А) Жоқ, ешқашан – 1 ұпай

Ә) Кейде ғана – 2 ұпай

Б) Ия, ондай сәттер болып тұрады – 3 ұпай

Жинаған ұпай санына байланысты өзіңіздің қаншалықты эмоцияға берілгіш жан екеніңізді анықтаңыз.

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ:

9 – 14 ұпай. Шындығында, сырттай сабырлы да ұстамды болып көрінгенмен, өзіңіздің эмоцияға берілгіш әрі тез ренжитін адам екеніңізді жасырып қалғыңыз келеді. Жасандылық танытамын деп күйзеліске тап болуыңыз да мүмкін. Сол себепті аз уақытқа болсын бетпердеңізді шешкеніңіз жөн.

15 – 21 ұпай. Қанша жерден ашулансаңыз да, ойлау қабілетіңізді сергек күйінде ұстайсыз. Қажет болған жағдайда өзіңізді ұстай да білесіз әрі ішіңізде бұғып жатқан ашуды шығарудан да еш қысылмайсыз. Яғни сіздің мінезіңізде тұрақтылық пен тепе-теңдік бар.

22 – 27 ұпай. Сіз өте сезімтал әрі эмоцияға берілгіш адамсыз. Бір қызығы, осы мінезіңізбен қоршаған ортаңызға ұнайсыз.

Қызығушылықтарыңыз да аз емес. Өзіңіздің жақсы, жаман мінездеріңізді анықтаған соң, эмоцияыңызды бақылап үйренесіз.

Градусник әдістемесі авторы Н.П. Фетискин




Николай Петрович Фетискин
Психология ғылымдарының докторы

Әдістеме эмоциялық жағдайды анықтауға арналған. Ол оқу сабақтары мен еңбек қызметінде қолданылуы мүмкін. Әдістеменің артықшылығы олардың динамикасындағы күйлерді жылдам бекіту болып табылады.

Нұсқаулық. Сіздің алдыңызда бланкіде қандай да бір эмоциялық жағдайға сәйкес келетін бірнеше шкаласы бар медициналық градусник бейнеленген. Шкалалардағы бөліктер сіздің күйіңіздің қандай да бір деңгейіне сәйкес келеді. Осы сәтте сіздің жағдайыңызға ең жоғары дәрежеде сәйкес келетін шкаланы таңдап, осы шкаладағы градусниктің "температурасын" кез келген белгімен белгілеңіз.

Градусник әдістемесі

төмен - орташа - жоғары - өте жоғары



- шаттану
- қуаныш,
- жарық (жағымды);
- тыныш,
- салмақты;
- немқұрайлық,
- іш пыстыратын,
- тітіркенген,
- қанағаттанбау
- ашулану

Қорытынды:

Белгінің:

36 градусқа дейінгі орналасуы - көңіл - күйдің әлсіз көрінуі,

36 - дан 37 градусқа дейін – көңіл-күйдің орташа көрінуі,

37-ден 38 градусқа дейін - жоғары көрінуі,

38-ден 39 градусқа дейін - эмоциялық көңіл-күйдің өте жоғары көрінуі сәйкес келеді.

«Көңіл-күй» ағашы



Қызыл алма - өте тамаша көңіл-күй



Сары алма – жақсы көңіл-күй



Жасыл алма – жаман көңіл-күй

Керн-Йерасек тестісі бойынша мектептік жетілгендікті анықтау (мектеп қажеттілік функциясының даму деңгейін анықтау)

Тест үш тапсырмадан тұрады: түсінігі бойынша фигура салу, жазба әріптен фразаны графикалық көшіру және белгілі бір кеңістік жағдайында нүктелерді көшіріп бейнелеу. Тест бір баламен немесе балалардың шағын тобымен, қолдану нұсқауына сәйкес жүргізіледі.

Нәтижелерді бағалау.

Әр тапсырма 1 баллдан (ең жақсы баға) 5 баллға (ең нашар) дейін бағаланады.

Тапсырмаларды бағалау критерийлері:

1 - т а п с ы р м а. Ер адам фигурасын салу:


1 балл- салынған фигураның басы, денесі, аяғы болуы керек. Бас денемен мойын арқылы қосылған ол денеден үлкен болмау керек. Басташас бас киім немесе шляпа болуы мүмкін, құлақтары, бетте-көз, мұрын, ауыз болуы керек. Қолдары, онда бес саусағы болуы керек. Ер адам киімінің белгілері. Сурет жинақтаушы әдіспен орындалған, яғни пропорцияны орындай отырып, кескіндеп бейнеленген.

2 балл- бейнелеудің жинақтаушы әдісінен басқа 1 бағадағы барлық талаптардың орындалуы. Дененің үш мүшесінің болмауы мүмкін: мойын, шаш, қолдың бір саусағы, бірақ беттің қандай да бір мүшесі болмай қалуы мүмкін емес.

3 балл- суреттегі фигураның басы, денесі, аяқтары, қолдарыбар және олар екі сызықпен салынған.Құлақтары,шашы, киімі, қолдарында саусақтары, аяқтарында табаны жоқ.

4 балл- бас пен дененің өте қарапайым суреті. Аяқтары бір сызықпен бейнеленген.

5 балл- ден мен аяқтардың анық бейнесі жоқ.Шимайлар.



2-т а п с ы р м а. Жазылған мәтінді имитациялау, бейнелеп жазу.


1 балл- оқи алуға болатындай имитация- бейне жазу (көшірме). Әріптер шамамен үлгідегіден екі есе үлкен. Әріптерден үш сөз құралған.Сөйлемдердің тік сызықтан ауытқуы 30° тан артық емес.

2 балл- сөйлемдерді оқуға болады.Әріптердің үлкендігі үлгіге жақын, олардың түзу болуы міндетті емес.

3 балл- әріптер екі топқа бөлінген, ең болмағанда 4 әріпті оқи алуға болады.

4 балл- ең болмағанда екі әріп үлгіге ұқсас, "жазудың бейнесі"

5 балл- шимайлар.



3-т а п с ы р м а. Нүктелер тобын көшіріп салу.


1 балл- үлгіні тура қайталау. Баған немесе жолдан бір нүктенің шығып кетуі мүмкін. Үлгі бір жарым есеге дейін кішіреюі мүмкін.

2 балл- нүктелердің саны және құрамы үлгіге сәйкес болуы керек. 3 нүктені төмен түсіруге және жолдар немесе бағандар арасында 0,5 еніндей бос жер қалдыруға болады.

3 балл- үлгіге ұқсас жалпы бейне. Биіктігі және ені 2 еседен артық емес. Нүктелердің саны 20 дан артық және 7 ден кем болмауы керек. Нүктелердің орналасуында 180° қа дейін орын ауыстырулар болуы мүмкін.

4 балл- сурет үлгіні тек еске түсіреді, әйтсе де ол нүктелерден тұрады. Нүктелердің шамасы және саны маңызды емес. Басқа бейнелер, мысалы, сызықтар болуы мүмкін емес.

5 балл- шимайлар.



Алынған нәтижелерді бағалау.


Нәтижесі 15 балл болған балаларды одан әрі медико-педагогикалық көмек ұсыну қажет. "Мектепке жетілген" балалар болып, берілген тестінің үш тапсырмасын орындағаны үшін барлығы 3-5 балл алғандар, "орташа-жетілгендер" - 6-9 балл және "жетілмегендер" - 10 және одан артық балл алғандар болып саналады.

«Артық зат» әдістемесі

Мақсаты: Бейнелі-логикалық ойлау-талдау және жинақтау ақыл-ой амалдарын бағалау

Суретте әр карточкада төрттен, әртүрлі заттар бейнеленген. Барлығы 6 карточка. Балаға біріншісін көрсетіңіз де, 4 заттың біреуі артық екенін түсіндіріңіз. Соны анықтап, өз шешімін түсіндіру қажет. Бұдан кейін балаға ойланып, қалған үш затты бір сөзбен қалай атауға болатынын айтуды сұраңыз.


Егер 6-7 жасар бала артық затты дұрыс тауып және кемінде 4 карточкадан жалпылаушы сөзді дұрыс тапса, онда көрнекі ойлау деңгейі жақсы болғаны.



"Не аяқталып салынбаған?" әдістемесі

Мақсаты: Қабылдаудың тұтастығын бағалау

Балаға таныс заттар бейнеленген суреттерді ұсыныңыз. Оның әрбір суретке мұқият қарауын және жетіспей тұрған бөлігін атауын сұраңыз (2 сурет. не аяқталып салынбағанын айту).



"Графикалық диктант" әдістемесі

Торкөзді дәптердің парағын дайындаңыз. Онда шетінен 4 торкөз қалдырып, бір-бірінен арақашықтығы 7 торкөз болатын, бірінің астынан бірі орналасқан (вертикаль бойынша) 3 нүкте белгілеңіз.

Балаға қарындаш беріңіз де айтыңыз: "Қай жаққа және қанша торкөзге сызықты жүргізу керек екендігін мен айтып тұрамын. Тек қана мен айтқан сызықтарды жүргізіп отыр. Бір сызықты жүргізген соң, келесі сызықты қайда бағыттау керектігін айтқанша, күт. Әрбір жаңа сызықты оның алдындағы сызық біткен жерден, қарындашты қағаздан алмай, баста". (Бала оң қолының қайда екендігін біледі ме, тексеріңіз).

Бірінші тапсырма- жаттықтырушы. "Қарындашты ең жоғары нүктеге қой. Тыңда! Сызықты сал: бір торкөз төмен. Қарындаштыңды қағаздан алма. Енді бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Осындай өрнек салуды өзің жалғастыр".

Бала түсінбесе, айтып жіберіңіз, жіберілген қателерді түзетіңіз. Келесі өрнектерді салуда мұндай бақылау жасалмайды. Тапсырманы оқығанда, бала алдыңғы сызықты аяқтап үлгеретіндей, жеткілікті пауза ұстау керек.


Өрнекті өз бетінше салуға 1,5-2 минут беріледі.

Келесі нұсқау мынадай болады: "Енді қарындашыңды келесі нүктеге қой. Тыңда! Ал, баста! Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Бір торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Әрі қарай осы өрнекті салуды жалғастыр".

Және соңғы өрнек. "Қарындашты соңғы нүктеге қой. Тыңда! Үш торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Екі торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Екі торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Үш торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Екі торкөз жоғары. Бір торкөз оңға. Екі торкөз төмен. Бір торкөз оңға. Үш торкөз жоғары. Енді осы өрнекті салуды өзін жалғастыр".

Баланың тапсырманы айту бойынша және өз бетімен қалай орындайтындығына талдау жасаңыз. Бірінші көрсеткіш ешнәрсеге алаңдамай, нұсқауды мұқият тыңдай және дәл орындай алуын көрсетеді. Екіншісі- баланың өзбеттілік дәрежесін көрсетеді.

Егер бала екінші және үшінші өрнектерді ешбір қатесіз немесе өрнектердің бірінде жекелеген қателермен орындаса (жаттығу өрнегі есептелмейді) еркіндік сферасының дамуы жақсы деңгейде болғаны. Егер ешқандай өрнек айтылған нұсқаумен сәйкес келмесе, еріктік сфераның даму деңгейі төмен болғаны.



Сөздік-логикалық ойлауын бағалауға арналған әдістеме

Бала сұрақтарға жауап береді:

1. Жануарлардың қайсысы үлкен:- ат әлде ит?
2. Таңертең кісілер ертеңгілік ас ішеді. Ал кешке ше?
3. Күндіз далада жарық, ал кешке ше?
4. Аспан көгілдір, ал шөп ше?
5. Шие, алмұрт, қара өрік, алма- бұлар не?

6. Поезд келе жатқанда неліктен шлагбаумды түсіреді?
7. Москва, Астана, Қарағанды-бұлар не?
8. Қазір сағат неше? (Балаға сағат көрсетеді де, уақытты айтуын сұрайды.)
9. Кішкентай сиыр - бұл бұзау. Кішкентай ит және кішкентай қой -бұл ?..
10. Ит көбірек қайсысына ұқсайды - мысыққа немесе тауыққа?
11. Автомобильге тежегіш (тормоз) не үшін қажет?
12. Балға мен балта бір-біріне несімен ұқсайды ?
13. Тиін мен мысық бір-біріне несімен ұқсайды?
14. Шеге мен винттің айырмашылығы неде?
15. Футбол, биіктікке секіру, теннис, жүзу-бұлар не?
16. Транспорттың қандай түрлерін білесің?
17. Кәрі кісінің жастан қандай айырмашылығы бар?
18. Адамдар спортпен не үшін айналысады?
19. Егер кімде-кім жұмыс істегісі келмесе неге жаман деп есептелінеді?
20. Конвертке не үшін марка желімдеу керек?

Дұрыс жауаптар:

1. Ат үлкен.
2. Кешке кешкі ас ішеді.
3. Қараңғы.
4. Жасыл.
5. Жемістар.
6. Поезд бен автомобиль соғылыспау үшін.
7. Қалалар.
8. Дұрыс жауап сағат және минут бойынша. (Алтыдан он бес минут кетті, сегізге бес минут қалды және т.б.)
9. Күшік, қозы.
10. Мысыққа, өйткені оларда 4 аяқ, жүні, құйрығы, тырнағы бар. (ең кемінде бір ұқсастықты атаса жеткілікті).
11. Автомобильдің жылдамдығын төмендетін көрсететін кезкелген жауап дұрыс болып табылады.
12. Бұл құралдар.
13. Бұлар ағаштарға шыға алатын, құйрығы, жүні, тырнағы жән т.б. бар жануарлар.
14. Шеге - жұмыр, ал винт - иір ойықты; шегені балғамен қағады ал винтті бұрайды.
15. Спорт түрі (спорт).
16. Ең кемінде бала 3 транспорт түрін атауы қажет (автобус, трамвай, метро, самолет және т. б.).
17. Ең кемінде үш мағыналы белгісі болуы қажет: кәрі адам жай жүреді, таяқ ұстайды, оның бетінде әжімі көп болады, ол жиі ауырады және т.б. .
18. Сау, мықты, әдемі және т.б. болу үшін.
19. Тамақ және киім сатып алу үшін, пәтерге төлеу және т.б. үшін ақша болмайды.

20. Хатты жөнелту үшін осылай төлейді.

Балалардың берген жауаптарын талдау барысында, келтірілген үлгіге сәйкес жауаптар ғана емес, жеткілікті түрде парасатты, қойылған сұрақтың мағынасына сай жауаптар да дұрыс болып есептелінетінін ескеру қажет. Қандай да бір жауаптың дұрыстығын тексермес бұрын, баланың сұрақты дұрыс түсінгендігіне көз жеткізіңіз.

Егер бала 15-16 сұраққа дұрыс жауап берген болса, сөздік-логикалық ойлауының даму деңгейі жоғары деп есептелінеді.

«Суреттер» әдістемесі

Мақсаты: Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді көру есін бағалау

Әрқайсысында таныс зат бейнеленген 10 сурет іріктеп алыңыз да, балаға көрсетіңіз. Әр суретті көрсету уақыты 1-2 секунд. Барлық 10 суретпен бала танысып болған соң, оның есінде сақтап қалған заттарды атап шығуын сұраңыз. Ретпен айту міндетті емес.

Баланың жалпы заттар санынан қаншасын атағаны ескеріледі. Қайталаулар және де суреттерде болмаған заттардың атаулары ескерілмейді. Балаға ұмытып қалған суреттерін көрсетіңіз. 10 минуттан соң қайтадан бәрін еске түсіруін сұраңыз.

Нәтижесін қайтадан белгілеңіз. Одан кейін 1 сағат өткен соң суреттерді тағы да еске түсіруді ұсыныңыз.

Әдетте 6-7 жасар балалар сіздердің көмектеріңізбен 10 заттан 7-8 затты естеріне түсіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Зейгарник Б.В. Воспроизведение незавершенных действий и завершенных действий. // Хрестоматия по психологии памяти / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер и В.Я. Романова. – Москва, 2002.
2. Зинченко П.И. Непроизвольное запоминание и деятельность. // Хрестоматия по психологии памяти / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер и В.Я. Романова. – Москва, 2002.
3. Зинченко Т.П. Память в экспериментальной и когнитивной психологии. – Санкт Петербург, 2002.
4. Ильин Е.П. Мотивации и мотивы. – СПб, 2000.
5. Иманғалиев Е. Жеке тұлғаны әлеуметтік-психологиялық болжау әдістері. – Астана: 2008.
6. Левин К. Об экспериментах Г.В. Биренбаум и Б.В. Зейгарник. // Хрестоматия по психологии памяти / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер и В.Я. Романова. – Москва, 2002.
7. Леонтьев А.Н. Развитие высших форм запоминания. // Хрестоматия по психологии памяти / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер и В.Я. Романова. – Москва, 2002.
8. Локолова Н.П. 120 уроков психологического развития младших школьников. - М.: Пед. общ. России, 2000
9. Уотсон Д. Удержание видимых телесных навыков, или «память». // Хрестоматия по психологии памяти / под ред. Гиппенрейтер и В.Я. Романова. – Москва, 2002.
10. Шнейдер Л.Б. Психология семейных отношений. – Москва, 2000
11. Эббингауз Г. Смена душевных образований. // Хрестоматия по психологии памяти / под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер и В.Я. Романова. – Москва, 2002.